



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 36/628

06 сентября 2019 года

Вестник

1-қыркүйек – Білім күні

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТТАРЫ

Зымырандай зулаған уақыт ағынымен өткен жазғы демалыс күндері демде өтіп кеткенін байқамай да қалған қаламыздағы қос мектеп оқушылары 1-қыркүйек – Білім күнінде өздерінің алтын ұя мектептеріне жиналды.



Бірінші болып № 2 орта мектепте сағат 9.00-де басталған «Алғашқы қоңырау» салтанатына оқушылар, ұстаздар және ата-аналар көптеп жиналды. Мектептің жиын алаңына ілінген Қазақстан Республикасының туы, жалаушалар, түрлі-түсті шарлар, ұлағатты һәм қанатты сөздер және ойналған әуен үні бүгінгі маңызды

мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы жиналған қауымды маңызды мерекелерімен құттықтады және мектептің өткен оқу жылындағы жетістіктерін айтып, алдағы жылды да табысты болуға шақырды.

Мектептің тәрбие жұмысының бір бағыты патриоттық тәрбие беру болып саналады. Бұл бағытта мектепте 3 жыл қатарынан «Айбын» жастар әскери-патриоттық тәрбие клубы жұмыс істейді. Биылғы жылғы маусым айында Қарағанды облысының «Спасск» оқу орталығында «Айбын» әскери-патриоттық байқауы ұйымдастырылған. Осы мектептің «Сағадат» командасы Республиканың 63 командасы арасында екінші орынға ие болғаны үлкен жетістіктің белгісі. «Айбын» клубының жұмысы салауатты өмір салтын насихаттауға, дене бітімін жетілдіруге, жастардың әскери-қолданбалы және техникалық дайындығына ықпал етеді. «Айбын» клубының жұмысы мектеп түлектерінің мамандығын таңдауға көмектеседі. Бүгінде мектептің 3 оқушысы қадет түлектері атанған.

«Білім күні» және «Алғашқы қоңырау» салтанатының ең басты нышаны болып табылатын – алғашқы қоңырауды қағу рәсімінің құрметі 1-сынып оқушысы Аида Таңғатар мен 11-сынып үздігі Қанағат Әбдірейімге бұйырды. Таудай талап, зор



«Білім күні» және «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны № 1 қазақ орта мектебінде жалғасын тапты. Білім күніне орай ұйымдастырылған «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты салтанатты жиынға ұстаздар, ата-аналар және құрметті қонақтар қатысты. Алаңға Қазақстан Республика-

қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова және «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Тілек Алшымбекұлы Кенжебековтер қатысты.

Қала әкімі Қ.А.Камзин сөзге шығып, бүгінгі мерекелік ісшараға қатысушыларды «Білім күні» мерекесімен құттықтады.



мерекенің салтанатынан дерек бергендей. Салтанатты жиын Анар Ақаш пен Нұрсұлтан Сейткәрімнің орындаған «Мерекем» әнімен басталды. Мелекеттік Ту ортаға әкелініп, Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғасын биылғы бірінші сыныпқа баратын бес сынып оқушыларының сынып жетекшілері таныстырылды. Анар Ақаш шырқаған «Детство» әнінен кейін бүгінгі салтанатты мерекенің жиынына қатысып отырған құрметті қонақтар – қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалардың таныстырылымы болды. Биылғы жылы мектепке ІТ кабинеті орнатылғаны, қала әкімдігі тарапынан 15 дербес компьютер сыйға берілгені айтылып, оқушыларға осы құрметке лайық білім алулары қажеттігі жеткізілді және жаңа оқу жылында жақсы оқуларына тілек білдірілді. Жиында қала әкімі Қ.А.Камзин салтанатты жиынға қатысушылар алдында сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады және оқушыларға тиянақты білім алуларына, ұстаздардың қиын да, қызықты жұмыстарына табыс тіледі. Өз кезегінде сөз алған

ынтамен мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып табалдырығын аттағалы отырған балақайлар түрлі-түсті шарларды көк аспан төріне ұшырды. 2 және 11-сынып оқушылары мектептегі «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбындағы ашық тәрбие сағатына кіріп, 1-сынып оқушылары алаңда мерекелік шараны жалғастыруға қалды.



сының мемлекеттік туы енгізілгеннен кейін еліміздің әнұраны шырқалды. Күмбірлеген күйдің сарынымен ортаға биыл мектеп табалдырығын аттағалы отырған бірінші сынып оқушылары сынып жетекшілерінің ізіне еріп, ортаға шақырылды. Аталған ісшараға құрметті қонақтар ретінде қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин,

Құттықтау сөзге шыққан «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Т.А.Кенжебеков өз тарапынан «Айбын» әскери-патриоттық байқауында үздік жетістікке қол жеткізген оқушыларды Құрмет грамоталары және төсбелгілерімен марапаттады. Мектептің әнші оқушылары Жансая Өрсібай мен Толғанай Тәткен «Ұстазым» әнін орындады. Биыл мектептің бірінші сыныбына баратын бүлдіршіндер мерекелік шараға арнаған тақпақтарын орындап берді. Базаркүл, Әсел, Аружан және Жәмилалар болса «Ұлытау» биімен шашу шашты. Осы жылғы оқу жылының Алғашқы қоңырауын бірінші сыныпқа баратын Заңғар Айдынулы мен Аяла Қыдырәліқызы соқты. Бірінші сынып оқушылары шарларын ұшырған соң мектеп оқушылары «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбындағы ашық тәрбие сағатына кіруге сынып бөлмелеріне шақырылды.

Қаламыздағы аталған екі мектептегі «Білім күні» мерекесіне арналған «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өз деңгейінде өтті.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суреттерде: «Білім күні» мерекесінен көріністер. Суретті түсірген автор.



Әлеуметтік мәселе

ЕЛБАСЫНЫҢ БАСТАМАЛАРЫ: «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӨМІРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?»

2018 жылдың 5 наурызында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан азаматтарының өмірін жақсартуға бағытталған жаңа әлеуметтік бастамаларды жариялады. Бірінші бастама: отбасылар үшін тұрғын үй барынша қолжетімді жасау. Мемлекет басшысы жаңа «7-20-25» бағдарламасын ұсынды. Осыған сәйкес, ипотекалық несиенің жылдық мөлшерлемесі 7% аспайтын болады (қазіргі уақытта 14% - 16%), бастапқы жарнасы 20% дейін құрайды (қазіргі уақытта 30% және 50%) және несиенің төлеу мерзімі 25 жылға дейін болады (қазіргі 10-15 жыл). Президенттің айтуынша, осы бағдарламаны іске асыру тұрғын үй құрылысына қуатты серпін береді және нәтижесінде көптеген қазақстандықтар тұрғын үйге қол жеткізеді. Екінші бастама: төмен ақылы қызметкерлердің жалақысын арттыру үшін салық ауыртпалығын азайту. Мемлекет басшысы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салуды ұсынды. Осы бастама арқылы жұмыс берушілерге ауыртпалық жүктелмей 2 млн жұмысшының жалақысы артады. Мемлекет басшысы сондай-ақ, болашақта мемлекеттік прогрессивті салық жүйесін енгізу мүмкіндігін зерделеу керек деп ұсынды. Үшінші бастама: жоғары білім беру қолжетімділігін және сапасын арттыру және студенттердің тұрмыс жағдайларын жақсарту. Мемлекет басшысы қосымша 2018-19 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керек деп мәлімдеді. Шамамен 11000 жаңа экономикаға қажетті техникалық

мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады. Мемлекет басшысы 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75000 орындық жатақхана салуды тапсырды. Бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы жасалуы тиіс. Төртінші бастама: кәсіпкерлер үшін қарыздар кеңейту. Мемлекет басшысы биыл қазақстандықтарға берілетін шағын несиені былтырғымен салыстырғанда 20 млрд теңгеге (\$ 62,4 млн) көбейтуді тапсырды, оның жалпы сомасы жылына 62 млрд теңге болады. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл шағын несиені беру бағдарламасы нәтижесінде несиені алып, ісін бастайтын азаматтардың саны былтырғыдан 2 есеге артып, 14000-ға жетеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бұл бастама өз ісін бастағысы келетін мыңдаған адамдарға көмек болады және ауылдық жерлерде өз бизнесін бастағысы келетіндер үшін өте маңызды болып табылады деп қосты. Бесінші бастама: Астана жаңа газ құбыры Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қызылорда облысынан Астанаға табиғи газ құбырын салу шешімін жариялады. Мемлекет басшысы осы бағдарлама 2,7 млн адамды газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнесті дамытуға көмектеседі деп мәлімдеді. Сондай-ақ Астананың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге немесе жылына 35 мың тоннаға азаяды және Арқаның экологиялық жағдайына зор ықпал етеді.

Приозерск қаласының
Әділет басқармасы

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР

2019 жылдың 30 тамыз күні "Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ-сінің ұйымдастыруымен "Жастар жылы" аясында Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай ерлер және әйелдер арасында қалалық үстел теннис жарысы өткізілді.

Жұлделі орынға ие болған спортшылар марапаттау қағазымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Жарыс қортындысы бойынша ерлер арасында:

I - орын Қуатов Жанат, II - орын Шашалов Дәулет, III - орын Дюсенбаев Әбіл.

Жарыс қортындысы бойынша әйелдер



арасында: I - орын Маишева Жамиля.

Приозерск қаласының
әкімдігі



КҮЙ ОЙНАЙДЫ ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҚАНЫНДА....

«...Баршамызға ортақ құндылық – домбырамызды жап-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра аспабы – қайталанбас асыл дүние. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабағын енгізу – қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану заманында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет....»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев (2019 жылғы 7 шілде – Ұлттық домбыра күні сөйлеген сөзінен)

«Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы – домбыраның бірде күмбірлеген бірде тыңқ-тыңқ шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішекте сан ғасырдың сан алуан сипаты, ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі» - деп, қазақ халқының домбыра өнеріне ден қойған академик Ахмет Жұбанов бекер айтпаса керек. Домбыра – кешегі ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра, қазақ қазақ болғалы бірге жасасып келе жатқан ұлттық саз аспабы. Біздің өткен өміріміз, бүгінгі өміріміз және келешек өміріміз де осы қос ішекті кара домбырамен біте қайнасып жататындығы анық. Домбыраның қос ішегін тартқандағы үнді естігенде елең етпейтін қазақ жоқ. Бесіктегі шырылдаған сәбидің өзі сол үнмен жылығанын қойып уанады. Домбыра қазақтың қан-тамырымен бітісіп кеткен. Қазақ халқы өзінің ой-арманын, қуаныш-жұбанышын, көңіл-күйін және мұң-зарын домбыра аспабы арқылы жеткізе алады.

Домбыра тарту – әрбір адамның, әрбір баланың асыл арманы. Домбыра үнін тыңдау

– барлық тіршілік әлеміндегі ең нәзік те ғажайып сезімге бөлену деген сөз. Әр халықтың әуенінен сол ұлттың өзіне тән болмысы мен мінез-құлқы көрініп тұрады. Қазақ халқының белгілі ақыны Қадыр Мырзаліев:

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра! – деген өлең

жолдарында сан ғасырдың тарихын сипаттап бере алатын қазақ домбырасының қасиетін дәріптеп жырлай білген.

Ұрпақ тәрбиелеуде домбыраның мәні зор. Қазақ музыкасының үні мен сазын естіп өскен жас ұрпақ ешқашан ұлттық дәстүрден айнымайды. Бүгінгі рухани жаңғыру

бірінші жексенбісі - Ұлттық домбыра күні болып бекітілгені белгілі. Аталған мереке күнін Тәуелсіз Қазақстан халқы осы ағымдағы жылдың шілде айының алғашқы онкүндігі ішінде осымен екінші мәрте атап өтті. Ұлттық домбыра күнінің белгіленуі бекер емес. Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі ұлттық құндылықты алға тартуы деп ұғамыз. Ұлттық домбыра күнінің аясында ұлттық аспабымызды ұлықтау мақсатында тың бастамалар бой көтеріп, көптен бері қолдау таппай жүрген игі дүниелердің қайта жаңғыратындығы сөзсіз. Көп нәрседен үміттіміз.... Жабулы көк сандықтан домбыра үнімен астағырылған қомақты дүниелердің көптеп жарық көруін жанымыз қалайды.



аясында өткенімізді ұмытпай, сұрыптап, өскелең ұрпаққа дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтай білсек артық болмас еді. Әр шаңырақта домбыра ойнап тұрса, үлкен қуаныш. Көшпелі дәуірдің шежіресін шерткен домбыра аспабы қазақтың қасиетті құралы ғана емес, талай кезеңдердің тарихи куәгері. Ұмытылмас жәдігері. Ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жеткен қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы.

Біздің елімізде жылдың шілде айының

«Домбыра, сен туралы талай жаздым мен мына-

Күйді ұқпаған кісілер сөзді ұға ма, өзін айтшы домбыра?!

Бақыт жайлы толғанам көп, менің бағым – домбыра.

Майысып бір күй шертпесе, неге керек қол мына?!» - деп, бүгінгі күнде қолда-ныстағы Қазақстан Мемлекеттің Әнұра-ның сөзін жазған ақын Жүмекен Нәжіме-денов өлең жолдарымен айшықтап бергендей, ең асылы, өзінің қоңыр үні мен

Ұлттық өнер – асыл қазына!

болмысына сай, халқымыздың музыкалық домбыра аспабының қос ішекті шанағынан қазақтың күмбірлеген күй үні үзбей төгіле берсе екен дейміз....

Бүгінгі дамыған жаһандану заманында халқымыздың ұлттық құндылығы болып табылатын домбыра музыкалық аспабына ерекше мән беруге тиіспіз. «Әр қазақтың үйінің төрінде домбыра аспабы ілініп тұруы тиіс» деген ұстанымды жүзеге асыра білсек, қазақ халқының берік те мықты ұлтқа айналатыны сөзсіз. Өйткені, домбырада бәрі бар. Домбыра – жай ғана музыкалық аспап емес, оның бойындығы күш-қуат, ұлттық рух, мұқалмас жігер және тағы да басқа қасиеттер өнер жолын таңдаған талантты жас өнерпаздардың бойына сіңіп, көкейіне орнығады. Шындығында, біз домбыра арқылы қазақтығымызды сақтаймыз. Ұлттық белгіміз жоғалмайды. Қашанда қазақтығымызды паш ететін мәдениетіміздің бастауында тұрған аспабымыз да домбыра екендігін терең ұғынуға тиіспіз. Демек, халқымыздың ұлттық құндылықтарының қатарында саналатын домбыра музыкалық аспабына деген құрмет, ықылас пен ниет әр қазақтың жүрегінде ерекше сезіліп тұруы керек.

Біз – ұстаздар қауымы, оның ішіндегі домбыра сыныбының оқытушысы болғандықтан, басты міндет – ата-бабаларымыздан мұраға қалған ұлттық қазынаны сақтау болып табылады. Бұл – тек қазақ халқында ғана бар музыкалық аспап.

Қорыта айтқанда, домбыраның қос ішегін тарта білу, домбыраны құрметтеу және домбыра өнеріне сүйсіне білу қанымызда бар қасиет. Сол биік сезімді аласартып алмауымыз қажет. Ол үшін, әрине, әрбір қазақ төл аспабымызға жанашырлықпен қарап, әр отбасының үйінде домбыраның күмбірлеген үні естілсе, өскелең ұрпақ осы бір киелі аспапқа қол созып және оны менгеріп білсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз!

Айман Нұртаева,
домбырашылар сыныбының
оқытушысы,
«Достық» балалар-жасөспірімдер
шығармашылық орталығы



ДОСТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Жаныңда жүр жақсы адам!

ДОС!.. «Жүз теңге болғанша, жүз досын болсын!», деп әнде шырқалғандай, төрт күн жалғанда қиналғанда да, қуанғанда да жаныңнан табылатын достарыңның көп болғанына не жетсін, шіркін! Қазақ халқы досты айрықша бағалағандықтан, дос туралы талай мақал-мәтел мен даналық сөздер қалдырыпты артында. «Жолдасың көп болса, жалғызбын деме», «Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар», «Жаңа досың жаныңда болса, ескі досың есінде болсын. Ол әрқашан сенімді», «Досы көпті алмайды, ақылы көпті дау алмайды», «Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас»... осылай жалғасып кете береді. Алпыстың асқарына аяқ басқан шағыма дейін өз өмірімде талай дос-жолдаспен араласып-құраласып тіршілік кешіп келемін. Оның үшінде бала кезден бірге ойнап өскен, мектептегі кезеңдегі достар, студенттік алтын дәуіріндегі сырлас-құрдас, әскердегі бір нанды бөліп жеген жауынгер қандықойлектер, қызмет бабындағы ақылдасар жора-жолдас, жырақта жүрсе де, тілекші болып тұратын достар... Олардың арасында ұлы-қызы аралас нағыз достардың жүні бір бөлек. Енді солардың біразының атын атап, түсін түстеп көрелік...

Далақұдық аталатын, алпыс шақты үйлі ауылдың тақыры мен шағыл құмын шаңдатып ойнап өскен балалардың ішінде де өзіңе жақын тартып, шынайы досқа лайық балаларды өзін таңдайсың немесе ол саған тартылып тұратыны болады. Ауылда Қадырбай, Қалыбек (ағалы-інілі), Қалмырза (жиенім), Уәлихан (марқұм), Беркімбаев, Жарқынбай секілді қатарлас балалар көп болса да, солардың арасынан маған ерекше жанашыр, дос болғандары – өзімнен үш жас үлкен Нұрділла мен бір жас кіші жиенім Орынбай болды. Бұл балалармен жақын достасуымыздың негізгі себебі – үшеуіміздің де домбыра, гитара секілді музыкалық аспаптарға үйірлігіміз бен әңкұмарлығымыз болса керек деп топшылаймын. Асық, айтабақ, ақсүйек, ләңгі, бестас, шеңбер тағы басқа жақ-жақ болып ойнайтын ойындарда көбінесе осы үшеуіміздің жұбымыз жазылмайтын. Ол кезде әнді радиодан тындап, жаттап алып айтатынбыз. Бертінде күйтабақты грамофондар, магнитофондар шығып, әндер жаттау біз үшін бірқанша жеңілдеді. Осындай музыкалық құрылғылар мен домбыралар да ең алдымен Нұрділла марқұм екеуіміздің үйімізде пайда болды. Ол уақытта ауылымыздағы мектеп үш жылдық бастауыш болғандықтан, мен Тамданың мектеп-интернаттыңда, Нұрділла мен Орынбай басқа ауылдарда оқитын. Достамызбен демалыс кездерінде шұрқырасып табысамыз. Аудан орталығында оқитын менен олардың сұрайтындары көп-ақ. Кітапханадан әкелген кітаптарымды бірлесіп оқып, жаңа әндерді бірге шырқаймыз. Домбыра мен гитараны қосып ойна, үш дауыспен әнге саламыз. Орынбай мектептегі ертерек шығып, қой бағуға ағасына жәрдемдесуге кеткенін оның ермегі магнитофонға жазылған әндер мен терме-толғауларды жаттауға бейіл болды. Оған біз қызығамыз. Гитараны жетінші сыныпта мен әкеліп, бұған олар қызығатын. Маусымдық демалыстарда қойлы ауылға барып, ағам қой бағуға көмектесемін. Ондайда өбінесе ауыл арасы жақын қоныстанатын Нұрділламен екеуіміз далада, қой жая жүріп кездесеміз. Екеуіміз екі домбыраны дорбаға сала шығып, биік төбенің басына шығып отырып қосыла шырқаймыз. Қырқалы, төбелі даланы жаңғыртырған әніміз айналадағы ауылдардың талайына жетеді екен. Бәрі біліп алған біздің даладан берілетін «концертімізді». Сегізінші сыныпты бітіргесін Нұрділла да мектепті тастады. Одан әрі біздің бозбалалық шағымыз басталды да, бала достығымыз шынайы, түсіністікті, сырлас-мұңдас достыққа айналды.

Қалаға жақын болғасын, жаңа киім үлгілерін де біз әкеліп тұрдық. Тұрқымыз шамалас болғандықтан, үш көйлек немесе шалбарды бірдей сатып аламын. Сосын

отырыстарға егіз қозылардай болып баратынбыз. Одан әрі мектепті бітіріп, оқуға түсу, үйлену, әскерге аттану секілді уақыт көшіне ерген оқиғалардың бәрінде осы үшеуіміздің лажи барынша жұбымыз жазылмайтын. Кейін мен әскерден орала салысыммен аудан орталығына қызметке кеттім де, Нұрділламен арамдызды әуелі тіршілік, көп ұзамай мезгілсіз алған ажал айырып жіберді. Үйленгенімен, бала сүймей тұрып, үнемі жымнып, күліп жүретін, жан адамның көңіліне тимейтін, отырыстың гүлі болып жаралған, әзіл-қалжыны үзілмейтін жан досым Нұрділла қос дөңгелекті шайтан арба – мотоциклден апатқа ұшырап, отызға да жетпей өмірден өтті. Қабырғам қайысып, қан жыладым...

Орынбай досым, әрі жиенім бертінде Жамбыл облысына көшіп келіп, тұмысын түзеп, енді ғана жаңа өмірге қадам басқанда ол да аттан құлап мерт болды. Осылайша бала кезден құлын-тайдай тебісіп өскен жан достарымыздың екеуінен де тосын ажалдың кесірінен айрылып қалдым.

Мектеп-интернатта оқыған кезім, мен үшін үлкен өмірге қадам басуыма негіз қалаған Алтын ұя болды десем артық болмас. Бұл мектеп сол кездегі аудандағы ең заманауи білім ордасы болғанына ел-жұрт куә. Ұстаздар қауымы да мықты мұғалімдерден жасақталған еді. Бай кітапханасы, спорт залы мен алаңы, кинозалы, асханасы, жатағы – бәрі-бәрі үш екі қабатты гимназистармен жалғасқан бір аумақта орналасқан білім ордасынан біз алаңсыз білім нәрімен сусындадық. Бұл жерде менің ең жақын досым – Шотбай Шектібаев болды. Ол – Алдаберген фермасынан келіп оқыды. Мен – Далақұдықтанмын. Онымен де жақын табыстырған сол баяғы домбыра мен кітапқұмарлық еді. Ой-өрсіміз де, дүниетанымыз да, қалауымыз да ұштасып жататын. Осында оқып біраз сурет салумен де әуестенгеніміз бар. Оған жеке сурет дәптер арнағамыз. Алайда менің бұл әуестігім кейіншілік қалып кетті де, өлең жазуға біржолата ден қойдым. Сегізжылдықты аяқтаған соң Шотбаймен де жолымыз екі айрылды. Ол Аяққұдыққа, мен Өгіз ауылында онжылдық орта мектептерді бітірдік. Құдай бізді Самархан шаһарында қайта табыстырды. Бала шақтағы достық осында жалғасып, оның қасындағы жерлесі Ақылбекпен де осында достастық. 1980-жылы мен үйленетін болып бел шешкенде қасымнан осы екі досым мен құдам әрі ол да досым Нұржан табылды. Самарханнан көлік жолдап, Өтемұратқа сапар шегуіміздің өзі бір хикая.

Ол кезде Шотбай, Ақылбек мен үшеуіміз Самзоветтің екінші курсына, Нұржан гидротехникумының үшінші курсына оқимыз. Нұржан екеуіміз сол кезде бір пәтерде тұрамыз. Осы күнгі жарларымызбен Нұржан екеуіміздің махаббат маусымын құрап жүрген кезіміз болатын. Бұдан олардың сырттай ғана хабары бар. Ол кезде үйленетін ойымыз болмаған, оны алдағы уақытқа жоспарлап қойғанбыз... Бізге Ұзйра мен Пернештің қастарында бірге тұратын Нұржамал, Шәрибан, Гүлнаш Тамды мен Керіздің бірнеше жігіттері келіп, «Өгіздің жігіттерімен жүрмейсіңдер» деп қорқытып, ішіп алып тиіскенін, басып алып қашамыз деп қоқан-лоққы жасағанын олар жарыса айтты. Қыздарымыз қорыққаннан оқуды тастап, ауылдарына қайтқысы келетіндерін де сездірді. Не істеу керек? Шотбай, Ақылбекпен Нұржан екеуіміз ойласып, сол күні түнде ауылға алып кететін болып, үйленуге бел шештік. Осылайша «ГАЗ-24 Волга» 7 орындық көлікпен келісіп, түнде 4 жігіт, 5 қыз – 9 адам көлеп жатқанымды хабарлаған. Таң ата Өтемұратқа жетіп, сол көлікпен Нұржан Өгізге кетті хабар беруге. Онда жездем Қалжан ауылға – Далақұдыққа рациямен шығып менің келін емеле жатқанымды хабарлаған. Шешем де сол кезде Өгізде болған екен. Хабарды есітіп, жүк көлігімен келіп, әрі қарай жолға шықтық. Қысқасы, менің келіншегіміздің беташарын өткізе сала Нұржан мен Пернешті де тағы бір жүк көлігімен апарып, Жырыққа келін етіп

түсірген оқиғамыз сол кезде аудан көлемінде жыр қылып айтылардай әңгіме болғаны бар. Шотбай досым осы оқиғада екі келіннің де бетін ашып, достығымыз бұрынғыдан да беки түсті. Қазір ол Қызылордада, Ақылбек Шахтинск қаласында тұрады. Жиі хабарласып, аман-саулығымызды білісіп отырамыз.

Өгіздегі екі жылдық жоғарғы сыныпта оқып жүргенде ешкіммен етене араласып кетердей достығымыз болмады. Тек құдаларым Сапа және Әбдіжаппармен жақын сырласып жүрдік. Мектепті бітіріп, арадан біраз жылдар өткенде Тамдыда Мағипа сыныптасыммен шынайы достығымыз орнады. Жастардың мәдени-көпшілік жұмыстарына белсене араласып жүргенде жастары үлкенді-кішілі – Мызахмет қожа (қажы), әнші Бағила Мұратова, интернатта бірге оқыған Юрий Ибрашев, Ахмет Әбдімұратов, Серік Сәденов, бесбұлақтық Орынбек Әйіпбеков, Нәжмия Ермбетова, Құлназар Сансызбаев, ағайынды Ғалымжан, Сейтжан Телібаевтармен жақсы араластық. Газетте фотоліші болып қызмет еткен Алтынсары Байжановпен арадағы достығымыз кейіншілік Боранбай әкеміздің қалауымен туыстыққа айналды. Ол кісі мені ресми болмаса да, өзіне өкіл бала етіп белгіледі. Қазір Үшқұдықта тұратын Алтынсарымен телефон арқылы байланысып тұрамыз.

Әскердегі өмір – өз алдына бір төбе. Өзімнен үш жас кіші жігіттермен әскерге аттанғанда, қатарластарым Тұрдан, Әлмұраттармен бірге олардың көшбасшысы болып Ижевск қаласына барып түстік. Әскери дайындықтан өткесін бізбен барған 37 баланың біразын Сарапул, Воткинск қалаларына бөліп жіберді де, мен бірнешеуімен Ижевскіде қалдым. Сурет салатыным, көркем жазуымың пайдасын әскерде көрдім. Бір ай өтпей ротаның писары болдым. Бір жарым жыл бөлімде писарь болып қызмет еттім. Домбыра тартып, ән шырқайтын өнерімнің арқасында өнерлі жігіттермен бірге қаладағы үлкен мәдени шараларда өнер көрсеттік. Екі жылда шымыкенттік Дастан, Бахыт, үшқұдықтық Смадияр, ташкенттік Мырзабек, тулалық Владимир т.б. достар арттырдым. Екіншіке қарай кейін олардың мекенжайларын жоғалтуыма байланысты арамдыз үзіліп қалды.

Алматыға сырттай оқуға түскенде 26 жаста едім. 6 жыл оқу барысында талай жақсы ағайын, жора-жолдас таптым деп айта аламын. Олардың алды менен 7-8 жас үлкен болса да, нағыз сырлас, мұңдас достар бола білді. Маңғыстаулық аға-достарым Таңатар Дәрелов, Қуат, торғайлық ағам Жомарт Нұрманов, гагариндік ақын Жолдас Сарманов, түркменстандық ақын інім Болат Жетекбай, қатонқарағайлық інім Жігер, өзімнен қызметтес інім әрі досым Полатбек Жанбаевтармен осы күнге шейін хабарласып, сұрасып, жай-жағдайымызды білісіп жүрміз.

Қазақстанға көшіп келгесін жаңа достар, тілеулестерім артты. Баяғы сыныптастардан Мағрипа мен Дарияның өміржолдастары Нұрлан мен Темірбек қосылды солардың қатарына. Темірбек (Темка) Алматыда оқып жүргенде ауылмен байланысқа қосып тұратын, жақын араласпасақ та ниеті түзу жігіттердің бірі еді. Бүгінде онымен достығымызды құдалығымыз жалғады. Шахтинскідегі Абай Шонтыбаевпен де отбасымызбен араласып тұрамыз. Интернеттегі қара наным бөліп жескен сыныптас достардан – Якия, Бердібек, Достандармен телефон арқылы жағдай сұрасып, хабарласып тұрамыз. Бұл да көңілге медеу. «Нағыз досты басыңа іс түскенде немесе басың ауырып, балтырың сыздағанда жақсырақ танысың» дейді ғой қазақ атам. Қарағандыда ота жасатып жатқанымда Темірбек пен Дария, Нұрлан мен Мағрипалар жаныма – жалау, көңіліме – демеу болғанын ешқашан ұмытпаспын!

Прозерскіде де дос-жолдастан кенде емеспін, шүкір! Осында бірге көшіп келгенде интернеттің нанын бірге жеген Саядділ (Сайко) досыммен қайта қауыштық. Екеуімізді көп



адам ұқсатып, «егіздер» деп атайтын. Елпілдеген, аузын ашса жүрегі көрінетін, біреуге жақсылық жасауға пейілді азамат еді марқұм. Өмірден ертерек озғаны өкінішті, тағдыры солай болды. Жоғарғы сыныпта бірге оқыған Еламанмен, Тамдыда бала кезде бірге ойнаған Қайратпен, әрі түп нағашым, әрі құдам Әбдіраманмен, әкемің бала кезден досы болған, өнердің ортасында жүретін іні-досым Марспен, замандастарым – Мәнібекпен, Әбдіқұлмен (әскерге бірге барған дос), әзіліміз жарасқан балдыз бала Адайханмен де осы қалаға келгесін араласып-құраласып, қуаныш-қайғымызға ортақтаса ғұмыр кешіп келеміз. Әбдіраман бірнеше өлеңіме ән шығарып, той-жындарда орындап жүр. Оны тындаушы жұрт жақсы қабылдады да. Аға-достар, әрі құда-достарым – Марат Нұршаев пен Серік Тәңкібаевтың орындары бір-бір төбе. Сайран да тілеулес, ниеттес бажам. Әр қиырдан келіп Құдайтағала осында жолықтырған – Кенжебай, Бахияр, Нұрадин, Махмұт секілді дос-жолдастармен де шұрқырай аман-дасып, жарқырай жүздесіп тұрамыз. Мені ағасындай сыйлайтын қайынінім Якуда өз алдына бір әлем, ешбір достан кемдігі жоқ азамат. Сонау Аралдан әкеліп табыстырған Жолмұрат Кеңесовпен әрі дос, әрі сырлас, әрі тілеулес болып келе жатқанымызға ширек ғасыр болып қалыпты. Кез-келген тақырыпта әңгімеміз жарасып, қиуласа кететін сұқбатымыз әлі күнге таусылмай келеді. Ағайындық әріптесім әрі құрдасым – Дулат Дүйсембаевпен де біраз көріспесек, бір-бірімізді жоқтап отырамыз. Айтар әңгіме, тарататын ой-пікір, қауайтың мәселе табылады. Осы қаладағы тілектес қарындастарым, мемлекеттік қызметкерлер – Гүлжахан Шарбекова мен Жұлдыз Дулатова, кітапхана директоры Павлина Кенжебекова, ұстаз-ақын Маржанкүл Хизирова, қаржы маманы Зәуреш Медетбекова, бөбекжай басшысы Айткүл Құлмағанбетова, заңгер-маман Дүрия Бижанова тағы басқа да азаматшалармен кездесе қалғанда мәдениет, тіл, салт-дәстүр, қоғам, тарих... туралы толғайтын тақырыптар табылып, елдігімізді, ертенімізді әңгімеге арқау ете жүреміз...

Дос болудың жолы – жіңішке әрі ауыр жол екендігін ойламы бар, санасы сау адамдар біледі, түсінеді. Бұрыннан да қазақ достықтың талай түрін саралап, сараптап, түйсікті жанға түгендеп берген. Өмірімде аты аталған жан-дардан өзге де ондаған, мүмкін мыңдаған жандармен араласып, дос-жолдас болған шығармын. Ұмытқан болсам әуелі Алла, сосын олар кешірсін. Адамдармен арадағы жақын қарым-қатынасты, жылы жүздесуді ешқашан жаманшылықпен айырмағанын қалаймын. Дос болмасақ та, адам ретінде тілеулес болсақ, жақсылық жасамасақ та, жамандық істемесек, бес күн жалғанда бір-бірімізге жылы қабақ таныта білсек, қуанышы мен қайғысына ортақтасақ – бұдан артық адамға не керек деп ойлаймын да...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГИИ,
ҚР ЖО мүшесі.

Заңгердің түсіндіруі

Интеллектуалдық меншік – және бұл тауарлар, жұмыстар немесе қызметтердің азаматтық айналымына қатысушыларды дараландыру құралдары және зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері. Басқаша айтқанда интеллектуалдық меншік екі түрге бөлінеді: бірінші – бұл өнер туындысы, шығармашылық және ғылыми эзирлемелер, ноу-хау, екінші түрі компания немесе тұлға басқалардан ерекшелене алатын тауарлық белгілер, логотип, ұран және т.б. Бұл сияқты сыныптама Азаматтық кодекстің 961-бабында көрсетілген.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН НЕ?

- интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне мыналар жатады:
- ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;
- өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- селекциялық жетістіктер;
- интегралдық микросызба топологиялары;

- ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);
- Азаматтық Кодексте немесе өзге де НҚА көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады.
- Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:
- фирмалық атаулар;
- тауарлық белгілер (қызмет көрсету

- белгілері);
- тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету);
- осы Кодексте және заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары (логотип, ұран) жатады.

Приозерск қаласының
Әділет басқармасы

...Өз тіліңді құрметте!

ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛГІСІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Тіл – мемлекеттің тірегі, халықтың рухани байлығы, болашағы. Биыл тәуелсіздігіміздің таңы атқанына он сегіз жыл толғалы отыр. Тіл мен тәуелсіздік – егіз ұғым. Тіл тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда қоғамда тіл туралы оңды көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Әр халық ана тілін дамытуына, әлемдегі бүкіл елдің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі ұжымдық құқығын жүзеге асыруына заң жүзінде мүмкіндік алды. Тіл заңнамасының түп негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы – халықаралық тіл дамытудың өлшем-үлгілеріне сәйкес келеді. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Қазақстанды мекендейтін әр түрлі ұлт өкілдерінің тіліне құрмет көрсету, олардың ана тілінде білім алып, төл мәдениетін дамытуына жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық саясаты. Бүгінгі күнге дейін ел тәуелсіздігіне орай, тілдерді қолдану мен дамы-

тудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілге деген құрметпен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында мектеп-бімізде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, өз бастамасын табууда. Атап айтсақ, қазақ тілін оқып-үйрену бойынша үгіт-насихат жұмыстары, семинарлар мен дәрістер, дөңгелек үстелдер, мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Алғашқы елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді. Елбасымыз Қ.Тоқаев биылғы жылғы Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» деп, Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын құрал екендігін баса айтты. Сондықтан да біз оны халықтар арасында достықтың бастауы, олардың ынтымағы мен береке-бірлігінің тірегі ретінде қадір тұтамыз.

Қоғам дамуының басқа салаларымен қатар мемлекеттік тілде жоғары дәрежеде дамуы қажет, өйткені ол мемлекет тәуелсіздігінің баянды болуына негіз жасайтын басты тіректердің бірі болып табылады.

Приозерск қаласының
Білім бөлімі

Қайырымдылық акциясы

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Баршамызға аян болғандай 2019 жылдың 01 шілдесінен бастап республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізіліп жатыр. Акцияның мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан жетім балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке баруының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Осыған байланысты Қарағанды облысының Полиция департаменті Приозерск қаласының Полиция бөлімінің жеке құрамының қызметкерлері де әлеуметтік көмек көрсетуге белсене қатысты. Атап айтқанда, алдымен Приозерск қаласының Абай көшесіндегі №9 үйдің 14 пәтерінің тұрғыны Абдурахманова Гулназдың көмекке толмаған балалары Ақылбек Жансая, Ақылбек Арман және Ақылбек Аружанға спорттық киімдер, оқу құралдары және сөмке анылып, ата анасына және балаларға табысталды. Одан соң, Приозерск қаласы Кисунько көшесіндегі 1 А үйдің 17 пәтерінің тұрғыны Асарбаев Асқардың көмекке толмаған ұлы Жаңабай Алматы мектеп



формасы ақ көйлек шалбар, костюм табысталды.

Приозерск қаласының
Полиция бөлімі

ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін көтеру және құқық бұзушылықтардың барлық нысандарына «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру мақсатында, сонымен қатар, «Сарыарқа - адалдық алаңы» жобасының аясында Приозерск қаласының ақпараттық-түсіндірме жұмысы бойынша тобы Приозерск қаласының полиция бөлімімен бірлесіп ағымдағы жылдың 3 қыркүйегі күні «Жолда қабылдау» акциясын өткізді.

Акция барысында қала тұрғындарымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оларға жадынамалар таратылды.

Сонымен қатар қала тұрғындары өздерін мазалап жүрген сұрақтары бойынша кеңес алып, тиісті шешімін табуға жол тапты.

Приозерск қаласының әкімдігі



Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 36/628. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Құрметті коммуналдық қызметтерді тұтынушылар!

ҚР Экономика министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу, бәскелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің, Қарағанды облысы бойынша Департаментінің 27.08.2019 жылғы № 184 - ОД Бұйрығымен, «Приозерск қаласының «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бойынша коммуналдық қызметтер үшін, жылу энергиясына 2019 жылғы 1 қазаннан қолданысқа енгізе отырып, ҚҚС-сыз Гкал үшін 3076,22 теңге мөлшеріндегі тариф енгізілді, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

Жеке тұлғаларға – ҚҚС қоспағанда Гкал үшін 2131 теңге 45 тиын мөлшерінде;
Шағын және орта бизнеске - ҚҚС қоспағанда Гкал үшін 2437 теңге 81 тиын мөлшерінде;
Бюджеттік мекемелерге - ҚҚС қоспағанда Гкал үшін 3594 теңге 67 тиын мөлшерінде;

Директор м.а. Курец С.В.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Уважаемые потребители коммунальных услуг!

Приказом №184 –ОД, от 27.08.2019 года Департамента Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области для КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования» с введением в действие с 01.10.2019 года утвержденного тариф на услуги производства, передачи, распределения и снабжения тепловой энергией, в размере 3076,22 тенге за 1 Гкал без учета НДС, в том числе по группам потребителей:

для физических лиц -2131 тенге 45 тиын за Гкал без НДС;
для малого и среднего бизнеса -2437 тенге 81 тиын за Гкал без НДС;
для бюджетных организаций -3594 тенге 67 тиын за Гкал без НДС;

И.о Директора КГП «УЖКР» С.В. Курец

ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м²
Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Кубеевой Аймерек Бекбулатовны, умершей 22 декабря 2017 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д1Б, тел.8-775-162-70-05.

Частный нотариус г.Приозерска

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Самойлова Сергея Владимировича, умершего 02 июля 2019 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д1Б, тел.8-775-162-70-05.

Частный нотариус г.Приозерска